

Дін

Дәстүр және дін – рухани тұтастықтың негізі

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихында дәстүр мен дін – ұлттың рухани болмысын қалыптастырған қос қыран іспетті. Бірі – ата-бабадан жеткен салт-сананың сарқыны, екіншісі – адамның жүрегіне иман нұрын ұялатқан құндылықтар жиынтығы. Екеуінің тоғысқан тұсы – адамгершілік пен ізгілік.



Дәстүр – ұлттың тамыры, оның өткенін бүгінмен, бүгінін болашақпен байланыстыратын алтын көпір. Қазақтың әдет-ғұрпы, жөн-жоралғысы, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуі, сәлем салу, қонақжайлық сияқты қасиеттердің бәрі – халқымыздың рухани мәдениетінің көрінісі. Дәстүрді сақтау – ұлтты сақтау деген сөз. Дәстүр мен дін – ұлттың рухани тұтастығын айқындайтын қос арна. Оларды ұштастыра білген қоғам ғана өз тамырынан ажырамай, келешекке нық қадам басады. Ұстаздар қауымы осы бағытта оқушылардың бойына имандылық пен ұлттық сана дәнін егіп, рухани жаңғыруға жол ашуы тиіс. Ислам діні қазақ даласына сіңіп, ұлттың дүниетанымымен үйлесім тапқан. Дін – адамның ішкі тазалығын, адал-

дығын, мейірімділігін тәрбиелейді. «Иманды елдің иесі болады» деген дана сөздің мәні де осында. Дін адамды рухани кемелдікке, ізгі амал жасауға, ата-ананы құрметтеуге, еңбекқорлыққа үндейді. Қазақтың мақал-мәтелдері мен нақыл сөздеріне назар аударсақ, осы хадистердің мазмұнымен ұқсастық көп: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», «Жамандық қылма, өзіңе оралар» деген сөздер дін мен дәстүрдің бір арнадан шыққанын аңғартады. Қазақ халқы ежелден-ақ дәстүрге бай халық. Үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, қонақжайлық, туысқандық байланыс – бұлар біздің болмысымыздың айнасы. Әрбір салттың түбінде тәрбие жатыр. Бала дүниеге келгеннен бастап оның өмірі

дәстүрмен өріледі: шілдехана, бесікке салу, тұсаукесер, сүндет той – бәрі де ұлттың мәдениеті мен имандылық ұғымының көрінісі.

Қазіргі жаһандану дәуірінде жастардың бойына ұлттық тәрбие мен имандылықты қатар сіңіру – ұстаздың да, ата-ананың да басты міндеті. Мектеп қабырғасында оқушыларға дәстүрлі мәдениеттің мәнін, діннің адам өміріндегі орнын түсіндіру – рухани тәрбие берудің өзегі. Ұлттық құндылықтар мен діни ілімнің тоғысында өсіп шыққан жас – елдің болашағының жарқын кепілі.

Жұмакүл АХМЕТОВА,
№ 1 Тірек мектебінің
(ресурстық орталығы)
директоры.

Назарларыңызға!

Бірыңғай өңдеу ережелері: жылдамдықтың сыры

109 – Ұлытау облысының бірыңғай байланыс орталығы. Біз тұрғындар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етіп, азаматтардың өтініштері мен шағымдарын қабылдаймыз. Тәулік бойы, яғни, 24 сағат, 7 күн жұмыс істейміз. Әрбір өтініш тіркеліп, тиісті мекемелерге жолданады және оның орындалу барысын бақылап отырамыз.



Басты мақсатымыз – тұрғындарға мемлекеттік және коммуналдық қызметтер жөнінде нақты ақпарат беру, туындаған мәселелерді шешуге көмектесу және халықтың өтініштерін жедел қарау.

Түскен өтініштерді жедел өңдеу бірыңғай жұмыс тәртібі арқылы қамтамасыз етіледі. Оператор азаматтан мекенжай мен мәселенің мән-жайын нақтылап алады, ал жүйе өтінішке тиісті санат беріп, оны салалық ұйымға бағыттайды. Кейін әрбір қадам – өтінішті қабылдаудан бастап, орындалғанға дейінгі барлық кезең – мәртебе-

лерде белгіленіп, өтініш берушіге кері байланыс беріледі.

Өтініштің жылдам қаралуы берілген бастапқы ақпараттың толықтығына тікелей байланысты. Толық мекенжайды (қала, көше, үй, подъезд немесе бағдар) көрсету, сондай-ақ, фото немесе бейне жіберу орындаушыларға мәселені алдын ала бағалап, жұмысты нақты жоспарлауға мүмкіндік береді және «нақтылау үшін қайтару» жағдайларын азайтады.

Тұрғындар 109 қызметіне өздеріне ыңғайлы арна арқылы хабарласа алады.

Қоңырау шалу – 109 нөміріне (қоңырау тегін), WhatsApp нөмірі – +7 707 790 1109, Telegram-бот – @ulytau_109_bot, Instagram парақшасы – ulytau.109, мобильдік қосымша – Komek 109 арқылы да байланысуға мүмкіндік бар.

Ұлытау облысының
бірыңғай байланыс орталығы.

Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «Fe Mn Technology» ЖШС ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: «Fe Mn Technology» ЖШС үшін кешенді экологиялық рұқсат алуға өтінім материалдары».

Әсер ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Ұлытау облысы, Қаражал Қ.Ә. Кен өндіру алаңының ауданы 231,3598 Га гектарды құрайды. Жоба учаскесінің координаттары: 1. 48.5279975, 70.35502418, 2. 48.6120957, 70.35516079, 3. 48.6112968, 70.36487860, 4. 48.5457298, 70.37227411, 5. 48.5267098, 70.37221426.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 10 желтоқсанда сағат 15.00-де Қазақстан Республикасы, Ұлытау облысы, Қаражал Қ.Ә. Қаражал қаласы, Абай көшесі 10 үй, мәдени-сауық орталығының ғимаратында өтеді.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

https://teams.microsoft.com/join/19%3ameeting_NzhiYWizZDYtODMxMy00ZGFjLWFiN2EtNjMwNTJlYjdlYjJm%40thread.v2/0?context=%7b%22Tid%22%3a%22ab58b1c3-4bfa-477a-9f33-f73ca8fb1fd5%22%2c%22Oid%22%3a%22b6f5a3c3-2e1e-4466-b184-e0f66f1631d9%22%7d;

Конференция идентификаторы: 435 097 634 135 8; кіру коды: Xf3B4cJ7.

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Байланыс сұрақтары бойынша жоспарланған әрекеттің бастамашысына қоңырау шалыңыз.

Жоспарланған жобаның бастамашысы: «Fe Mn Technology» ЖШС.

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, № 19 ғимарат, БСН 180240015674. тел.: 8(7212) 56-21-21, e-mail: Shointas1@mail.ru.

Жоба әзірлеуші: «АНТАЛ» ЖШС (2014 жылғы 26 қарашадағы № 01714Р мемлекеттік лицензияны КММ «Мұнай-газ секторындағы экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті» мемлекеттік мекемесі берген. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі). Мекенжайы: Алматы қ., Бұхар Жырау 33, «Жеңіс» БО, оф.50, БСН – 920940000013. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz

Жобалық құжаттама пакетімен ақпараттық жүйе <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында, сондай-ақ, «Ұлытау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО мемлекеттік мекемесінің сайтында танысуға болады.

Жоспарланған жоба бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ, жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін алу мақсатында мына мекенжайлар бойынша хабарласуға болады: «Fe Mn Technology» ЖШС. Байланыс тел.: 8 (727) 376-33-42, e-mail: Shointas1@mail.ru және «АНТАЛ» ЖШС. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

Ескертулер мен ұсыныстар 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей Ақпараттық жүйенің ndbecology.gov.kz сайтында, сондай-ақ, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 ғимарат, «Ұлытау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдауларды өткізуге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады, e-mail: ulytau.obl_priroda@mail.ru.

Объявление

ТОО «Fe Mn Technology», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

Наименование проекта: «Материалы к заявке на получение комплексного экологического разрешения для ТОО «Fe Mn Technology».

Территория воздействия: Республика Казахстан, область Ұлытау, Каражал Г.А. Площадь участка ведения работ составляет 231,3598 га. Координаты участка: 1. 48.5279975, 70.35502418, 2. 48.6120957, 70.35516079, 3. 48.6112968, 70.36487860, 4. 48.5457298, 70.37227411, 5. 48.5267098, 70.37221426.

Общественные слушания состоятся 10 декабря 2025 года в 15.00 по адресу: РК, область Ұлытау, Каражал Г.А., г. Каражал, ул. Абая, 10, здание Культурно-досугового центра.

Для участия в общественных слушаниях онлайн необходимо пройти по ссылке:

https://teams.microsoft.com/join/19%3ameeting_NzhiYWizZDYtODMxMy00ZGFjLWFiN2EtNjMwNTJlYjdlYjJm%40thread.v2/0?context=%7b%22Tid%22%3a%22ab58b1c3-4bfa-477a-9f33-f73ca8fb1fd5%22%2c%22Oid%22%3a%22b6f5a3c3-2e1e-4466-b184-e0f66f1631d9%22%7d.

Идентификатор собрания: 435 097 634 135 8, Секретный код: Xf3B4cJ7.

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефону инициатора намечаемой деятельности.

Инициатор намечаемой дея-

тельности: ТОО «Fe Mn Technology», Республика Казахстан, г.Караганда, проспект Н.Назарбаева, дом 19. БИН 180240015674, тел.: 8 (7212) 56-21-21, e-mail: Shointas1@mail.ru.

Разработчик: ТОО «АНТАЛ» (Государственная лицензия № 01714Р от 26.11.2014 г. выдана РГУ «Комитет экологического регулирования, контроля и государственной инспекции в нефтегазовом комплексе Министерства энергетики РК»). Адрес: г.Алматы, Бұхар Жырау 33, БЦ «Жеңіс», оф.50, БИН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Информационной системы <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау».

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, можно по адресам: ТОО «Fe Mn Technology». Контактный тел.: 8 (7212) 56-21-21, e-mail: Shointas1@mail.ru или ТОО «АНТАЛ». Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний на сайте Информационной системы ndbecology.gov.kz, также по адресу: г. Жезказган, пл. Алаша, зд. 1, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау», e-mail: ulytau.obl_priroda@mail.ru.